

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№16 (10 063)

23 сәуір

жұма

2021 жыл

aksuoniri@mail.ru

ЧЕРНОБЫЛЬ АЭС-ДЕ АПАТ БОЛҒАНЫНА - 35 ЖЫЛ!

ПАТРИОТТЫҚ КЕЗДЕСУ



Осыдан 35 жыл бұрын 1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль қаласында атомды энергияны пайдалану тарихында мыңдаған адамның өмірін қиған ең ірі апат орын алған болатын. Ақсу аудандық қорғаныс бөлімінде орасан зор экологиялық зиян әкелген апатты залалсыздандыруға қатысқан

ақсулық жауынгерлермен санитарлық талаптарды сақтай отырып, кездесу өтіп, кездесу барысында бейбіт күннің батырлары Чернобыльдағы атқарған жұмыстары туралы естеліктерімен бөлісіп, апаттың зардаптарының қандай болғанын айтып өтті. Сонымен қатар жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беретін келелі әңгімелер

айтып, Аягөз қаласындағы 97616 әскери бөліміне әскери борышын өтеуге жолдама алған жас жауынгерлер Биғалиев Ернар Айбекұлы, Ембергенов Әділжан Ұсатайұлы, Қыдырбек Шыңғар және Намазханов Әділжанға сәтті сапар тілеп, елге аман - есен оралуларына тілектерін білдірді. Жас жауынгерлер атынан Қыдырбек Шыңғар ағалар аманатын орындап, Отан қорғау алдында ауданымыздың намысын түсірмей, атқарып қайтамыз,-деп ант берді.

Салтанатты жиын үстінде батырлар «Сізге Чернобыль атом электростанциясындағы ядролық апатын болғанына 35 жыл толуына орай, Сіздің апатты жоюға қатысқан еңбегіңізді ескере отырып, Сіздің көрсеткен көмегіңіз бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі етер ерлік деп білеміз.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға бақ - береке тілей отырып, жастарды Отанды сүйеге патриоттық рух беріп, тәрбиелеуде қосқан еңбегіңіз үшін алғыс білдіреміз,- деген Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының міндетін уақытша атқарушы, майор Д.Нұртөлеуұлының "Алғыс хаттарымен" марапатталды.

Кездесу соңында жас жауынгерлермен бірге естелік суретке түсті. **Ербол СЫМХАНОВ.**

Тәуелсіздік - қазақтың ғасырлар бойы аңсаған арманы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



2021 жылы еліміздің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толады.

Тәуелсіздік - қазақтың ғасырлар бойы аңсаған арманы. Қазақ халқының мыңдаған жылдар бойғы тарихына көз салсақ, осынау көшпелі жұрттың тіршілігі тек қана өзінің тәуелсіздігі үшін жанталасқан күреспен өтіпті.

Соңғы ширек ғасырға жуық уақыт аузымыздан түспейтін Тәуелсіз Қазақстан деген қасиетті, әрі киелі сөздің мағынасына өте терең.

Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт - дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды. Елбасымыздың тікелей қамқорлығымен еліміз ұлттарды ұйыстырып, жұртшылықты жарастырған, бірлігі бекем мемлекет болып қалыптасты.

Ел үшін маңызды құндылықтарымыз - тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін. Әр шаңыраққа құт - береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болғай!

Б.ТЫНЫШБАЕВ,
Алматы облыстық мәслихат депутаты.

Саяси кеңес Бюросының отырысы



XXIX есеп беру - сайлау конференциясына шақыру, күн тәртібін және делегаттарды сайлау жөніндегі квота, сонымен қатар аудандық Сайлауалды бағдарламасының бағыттары бойынша аудандық қоғамдық кеңестердің төрағаларын, құрамдарын және ережелерін бекітіп, алдағы мақсаттары анықталды.

Ақсу ауданы әкімі, аудандық партия филиалының төрағасы Е.Базархановтың төрағалығымен аудандық Саяси кеңес Бюросының отырысы өтті.

Күн тәртібіндегі бірқатар сұрақтар бойынша Бюро мүшелерінің дауыс беруімен құжаттар, кестелер бекітілді.

Атап айтсақ, «Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық партия филиалының

Балғын АСҚАРОВА,

аудандық партия филиалының консультанты.

«Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясында



«Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясында 84 адамның қатысуымен 5 іс - шара ұйымдастырылды. «Қарттарым аман сауымысың!» республикалық акциясы аясында аудан бойынша барлығы 2 ҰОС ардагерлері мен 210 тыл еңбеккерлеріне көмек көрсетілді. Еріктілер мен аудандық мәслихаттың депутаттары ардагерлерді медициналық тексеруден өткізуге, аудан жастарымен ардагерлердің үйлеріне тазалау жұмыстарын ұйымдастырып, олардың әлеуметтік мәселелерінің шешілуіне қолдау көрсетті. 2019 жылдың 6-8 наурыз аралығында 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай «Ел аналары» республикалық акциясы аясында 100 жастан асқан облыс бойынша

55 ананы, сондай - ақ, 22 наурыз мерекесіне орай 2 ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін құттықтау шарасы өтеді. Сондай-ақ, жоба аясында Қарттар күніне орай 2020 жылдың 1-4 қазан аралығында аумақтық партия филиалдарының ұйымдастырумен 25 іс - шара өтті. Жоспарға сәйкес «Жас Отан» ЖҚ өкілдері Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің, жалғызбасты қарттардың үйлері маңын абаттандыру бойынша сөнбіліктер, «Көркем бер, туған жер!», «Ескерткіштер ел тарихы» акциясы, Ұлы Отан соғысы және партия ардагерлерін, тыл еңбеккерлерін, 100 жастан асқан ардагерлерді медициналық тексеруден өткізу шарасы, Ұлы Отан соғысы және партия ардагерлерін, тыл еңбеккерлерін құттықтау шарасы, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін қарттар күніне орай қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

Әшімғали ЖҰМАГЕЛДИН,
"Nur Otan" партиясы Ақсу аудандық филиалы жанындағы бұлсың ардагерлер Қауымдастығының төрағасы.

Биылғы жылы да эпидемиологиялық жағдайға қарамастан ақсулық шаруалар егіс басында жүр. Көктемнің әр күні деп шаруа адамдар үшін маңызды, сол себепті егін басында еңбек қызуда.

Б.Сырттанов ауылдық округінде "Әлихан" шаруа қожалығы алғашқы болып төл дақыл тәтті түбір егуді бастап. Бүгінгі күні шаруашылық 30 га алқапқа қант қызылшасын екті.

Айта кетейік, шаруашылық қант қызылшасымен қоса, арпа, майбұршақ, жоңышқа егумен айналысады.

Жалпы аудан бойынша биылғы жылы 3315 гектар қант қызылшасын себу жоспарланып отыр.

Ақсу ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі.

ДАЛА ТӨСІНДЕ ҚЫЗУ ЕҢБЕК



COVID - 19

ПАНДЕМИЯМЕН ТИІМДІ КҮРЕСТІҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ

ВАКЦИНАЦИЯ

Ауданда вакцинациялау жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. 3 наурыздан бері ауданда 3450 адам екпе салдырды. Ауданымызда барлық ауылдық округтерде 18 екпе егу пункттері мен 2 екпе егу бригадасы жұмыстар жүргізуде. Екпе аламын деп ниет білдірген тұрғындар сол жерлерде екпе салдыруына болады.

Бірінші вакцина салдырғаннан кейін 21 күннен кейін тағы екпе салдыру керек.

Қауіпті індеттің таралуы күн санап артып, ауру асқынып барады. Бұл кеселді жеңудің бірден - бір жолы екпе салдыру. Жаппай екпе салдырып, ұжымдық иммунитет қалыптастыру арқылы ғана, қалыпты өмірге орала аламыз.

"Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде",-деген дана халқымыз. Сол себепті екпе салдыруға шақырамыз.



ЖАНСУГРОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Көшеге атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңының 14 - бабының 4 - тармақшасына және Алматы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 15 сәуірдегі қорытындысына сәйкес Жансүгіров ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жансүгіров ауылдық округі, Жансүгіров ауылының шығысында орналасқан бірінші көшеге «Берібай Батыр» есімі берілсін.
2. Жансүгіров ауылдық округі Жансүгіров ауылының шығысында орналасқан екінші көшеге «Қажымқан Мәсімов» есімі берілсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жансүгіров ауылдық округінің әкімі

Б.ШАРИПОВ.

РЕШЕНИЕ АКИМА ЖАНСУГРОВСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

ПРОЕКТ

О присвоении наименования улицы

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», и заключением ономастической комиссии Алматинской области от 15 апреля 2021 года аким Жансугурова сельского округа **РЕШИЛ:**

1. Присвоить имя «Берібай Батыр» первой улице, расположенной восточнее села Жансугурова, Жансугуровского сельского округа.
2. Присвоить имя «Қажымқан Мәсімов» второй улице, расположенной восточнее села Жансугурова Жансугуровского сельского округа.
3. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
4. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Аким Жансугуровского сельского округа

Б.ШАРИПОВ.

Ерліктің беттері

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Ерлік дегеніміз не? Бұл - адамға туа біткен қасиет емес, дұрыс жүргізілген әскери тәрбиенің жемісі. Ержүректілік пен батырлықты найзаласқан қолма-қол ұрыстан көргісі келетін адам қателеседі. Ерлік - табиғат сыйы емес, ең алдымен өзіңнің ар-намысыңды және азаматтың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін - азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік, теңдікте өзіңмен сайысқа түсе отырып, тұтас коллектив өмірінің игілігін ғана емес, сонымен қауіп - қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға - жанмен, қанға - қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр ету. Батылдық - қимыл

әрекет есебін тәуекел етумен үйлестіре алушылық. Тәуекелді есеп ақтайды. Есепсіз тәуекел - тұл. Көзсіз батырлық - ептілікті батылдықпен ұштастыра білушілік. Ойланбай жасалынған көзсіз батырлық - есерсоқтық. Ептілік - адамның ақыл-ойын ұшқыр ойлай білуге, дене қимылын икемділікке, бұлшық еттерінің шыыршық ата қозғалыс жасауға қатаң жүйелі түрде тәрбиелеудің (жаттықтырудың) нәтижесі. Елдік те, ерлік сияқты сын сағатта тағылады. Ел бірлігі - ең асыл қасиет. Отаныңды қорғап, еліңнің тыныштығы үшін еңбек етсең, одан асқан бақыт жоқ. Тыныштығы тұрақты елге береке келеді. Отанын қорғаған аға буынның бүгінгі жолын жалғастырар іні ұрпақ бар. Ағалар салған жол қашан да абырой, мәртебе. Сондықтан бүгін де ел тыныштығын қорғап, кірпік қақпай тұрған жас азаматтардың ерлік ісін біз мақтан етіп, қашан да дәріптеуге тиіспіз! Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар - қатпар белесінен байқасақ, ежелден - ақ ру - тайпаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмай, шыбын жанын шүберекке түйіп, қасық қаны

қалғанша күрескен жауынгерлік істері бізге аманат болып жеткен. Қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сонау Күлтегін, Білге қаған, Тонкөктен бастап жерін, елін, тілін, ділін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы. Бесік жырынан басталатын ерлікке баулу дәстүрлері түркі халқына тән негізгі ырымдар. Халқымыздың бойындағы отансүйгіштік құндылықтарды ұрпақтан - ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарауға болады. Бұған дәлел көне түркі заманынан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былай деп суреттеледі: "Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сүнді", - деген көне жазу қазақ халқының бойындағы ұлттық патриотизм сезімдері бүгін ғана пайда болған жоқ, ол ежелден - ақ туындап, дамып келе жатқан қасиет деуге болатындығын көрсетеді. Күлтегін жазбасында тағы да мынадай жыр жолдарын кездестіруге болады.

Ж.ҚАЙСАНОВА,
Көшкентал ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы,
«Nur Otan» БПҰ-ның, «Жас Отан» жастар қанатының бөлсенді мүшесі.

ЧЕРНОБЫЛЬ АЭС-ДЕ АПАТ БОЛҒАНЫНА - 35 ЖЫЛ!

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Осыдан 35 жыл бұрын 1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль қаласында атомды энергияны пайдалану тарихында мыңдаған адамның өмірін қиған ең ірі апат орын алған болатын. Бұл - келтірген залалы мен салдары жөнінен XX ғасырдағы ең ірі техногендік радиациялық апат. Күші жағынан 1945 жылы Жапонияның Хиросима мен Нагасаки қалаларына тасталған атом бомбаларынан 500 есе артық экологиялық зиян әкелген апатты залалсыздандыруға 800 мың адам, соның ішінде 32 мың қазақстандық қатысқан. Оның ішінде, ақсулық жауынгерлер де бар. Осы бір бейбіт күннің батырларын оқырман қауымға таныстырып қойғанды жөн санадық.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ.



Берқурманов Тоғанжан Каненұлы 1960 жылдың 4 қазанында Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров кентінде дүниеге келді. 1968 - 1978 жылдары Жансүгіров кентінде орналасқан Чапаев атындағы орта мектебінде оқып, 1978 жылдың күз айында Кеңес әскері қатарына шақырылып, Кеңес Одағының теңіз әскери флотында әскери борышын өткеріп, 1981 жылы мерзімі аяқталып, оралды. 1981 жылдың қазан айында Ақсу кәсіптік техникалық лицейінде көлік жүргізуші мамандығы бойынша оқып, 1982 жылдың мамырында оқуын аяқтап, осы кәсіптік лицейде жұмыс атқарды. 1983 жылдың қазан айынан 1991 жылға дейін Ақсу аудандық тұтынушылар Одағында жұмыс жасап, 1992 - 2000 жылдары әр түрлі мекемелерде жұмыс атқарды.

2000 - 2008 жылдары Ақсу қант зауытында, 2010 - 2017 жылдары «Ақсу су құбыры» мекемесінде, 2017 жылдан осы мерзімге дейін «Ақсу қант» ЖШС - де жұмыс істеуде. Жанұялы. Отбасында 3 бала тәрбиелеп, олардан үш немере сүйіп отырған отағасы.

1987 жылдың 27 мамырынан тамыз айының 2 - не дейін Чернобыль атом электр станциясында болған апаттың зардаптарын жоюға қатысты. «АЭС апатының 20 жылдығы», «Чернобыль ардагері», «АЭС апатының 25 жылдығы», «АЭС апатының 30 жылдығы», «Чернобыль АЭС - ның апат зардабын жоюға қатысушы» медальдарымен марапатталған.




Искаков Арман Искакович 1966 жылдың 21 шілдесінде Қаракөз ауылдық округі, Қаракөз ауылында дүниеге келген. 1973 жылы Қызылорда орта мектебінің табалдырығын аттап, 1983 жылы мектепті бітірді. 1984 жылы Кеңес әскері қатарына шақырылып, Чернобыль атом электростанциясындағы ядролық апаттың зардаптарын жоюға қатысып, Отан алдындағы әскери борышын абыроймен өтеп, елге 1986 жылы оралды. Әскери борышын адал орындағаны үшін «Чернобыль атом электростанциясындағы ядролық апатқа 25 жыл», «Чернобыль атом электростанциясындағы ядролық апатқа 30 жыл», «Чернобыль атом электростанциясындағы ядролық апат зардаптарын жоюға қатысушы» медальдарымен марапатталған. 1986 - 1987 жылдары Ақсу кәсіптік техникалық училищесінде көлік жүргізушісі мамандығы бойынша оқып, көлік, трактор жүргізушісі мамандығын иеленді. 1987 - 1999 жылдары Басқан қой совхозында тракторист болып еңбек жолын бастап, механик ретінде еңбек етті. 1999 жылы отбасымен аудан орталығы - Жансүгіров поселкесіне көшіп келіп, 1999 - 2000 жылдары Ақсу қант зауытында күзет қызметінде жұмыс атқарды.

Отбасылы. Жұбайы Ләйләмен жанұяда 3 ұлды өнегелі тәрбие беріп өсіріп, олардан немерелер сүйіп отырған ардақты өке. Қазіргі кезде балалары - Аслан, Руслан өз алдына отау құрып, кәсіптік мамандықтары бойынша еңбек етуде. Кенже ұлы Ақжан Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясында 9 сыныпта оқуда.

ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ - САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Тағдыры төлшек болашағы бұлдыр сенімің серік ете алмайтын өздігіңнен құрып, болмаса алып елдердің арасына сіңіп, ғайып болатын ертеңі жоқ әлсізге айналары айнымас шындық. Кез - келген ұлттың тарихы мәдениетімен ұштасып жатады. Ұлт болып қалыптасу үшін де басқадан бөлек мәдениеті мен ғұрпы ана - тілі мен ата рухы санада бірге жаңғыруы керек. Мәдениет - ұлттың айнасы, одан даралығыңды даналығыңды, басқадан бөлек жөн - жоралығыңды көресің. Ал тарих - осылардың қалыптасуын ұрпаққа жеткізетін сарқылмас қазына. Өткеніңе үңіліп, бүгінгіңді қадірін білмейсің. Толарсақтан саз кешіп, тас жастанып су кешкен байырғы бабаларымыз ешкімнің боданы болмасы үшін, еркін өмір сүріп ұлт мәдениетін сақтау жолында қаншама жылы күресті. Ақ жаулықты аналар елінің тілеуін тілеп, ерінің амандығы үшін Алладан амандық сұрамады ма? Ұрпағым аман болсын деп, өсіп өніп, көгерсін деп білген дұғасын жасап жаратқаннан мінәжәт етпеді ме?!

Міне осының бәрі еркіндік аңсаған елдің тілегі мен тіреуі емес пе, «Әумин» қабыл болсын, қабыл болды да бүгін міне ешкімге жалтақтамай, қазақтың дала-сында өз елімізде шалқая басып, шарықтап жүруіміздің бәрі дайырғы бабаларымыздың сарқылмас еңбегінің нәтижесі. Гүлістан болып үлге орансақ та, қажытып қарысқан бодандықтың қамытын әрең дегенде шағып тордағы тотыдан қыранға айналғанымызда ұрпақ

атаулы білуі және тарихтың экранынан көруі тиіс. Ел болып, ұлт болып, қадір мен қасиеттің жолында қайсар рухымызды қайталап отырсақ, оны ұрпақ та ұмытпайтын басқалар да өшіріп бұрмалай алмайтын болады. Теңдесіз ел болу үшін ғылым, білімі дамыған еркеніет көші керек. Алақандай ғана Жапонның жетістігі күллі жер шарын тамсандырып салт - сана-сымен мәдениеті еш өзгеріссіз ұрпақ сабақтастығын жалғап келе жатқаны жалпыға аян. Олардың дамуындағы ұйымшылдығы өткені мен бүгінгі қоса сараптап, қайтсек мықты ел болып, әлемді мойындатамыз деген мұрат- мақсатында. Ертеңіне мұрат, болашағына мақсат қоймаған елден еш даму көре алмайсың. Тойғанына мәз тобыр болып, түбінде құрып кетпесен де, біреудің жемі болып кетуің өбден мүмкін. Сол үшін, бүгінгі мен тарихыңды қоса тең зерттейтін елгеzek ұрпақ, талантты тапқырлар керек. Оны мемлекет қолға алып, табанын нық басатын өр тұлғалы сеніміне селкеу түсірмейтін ұлттың жарқын болашағын дейтін дара тұлғаларды екшеп ерекше адам ретінде биік өрге көтеру керек. Олардың ғылыми зерттеулері мен жетістіктері кез - келген уақытта мемлекеттің қолдауынан тыс қалмай, өрге жылжитын озық қадамдары ешқашан тосырқап тоқталмауы тиіс. Сонда ғана әлем тіксіне қарап қазақтың қасиетін басқаларға үлгі ретінде көрсетуі ғажап емес. Солай болады да!

Ал ардақты ағайын, Абай атамыз айтқандай «Ғылым іздеп» білім жолында қажырлықпен еңбек ететін саналы жастарымызға көбірек мойын бұрсақ нұр үстіне нұр, жетістік үстіне жетістік болары шүбәсіз. Сондықтан өткен тарихтан талдау жасап ұлт мәдениетін қадіріне жететін қадір қасиетіміз арта берсін. Ғарыштап дамуы қазақ еліне нәсіп қылсын, түніміз тыныш ордамызда ұлы - іс болғай.

Бердібек ТӨЛЕПБАЙҰЛЫ,
Р.Тәжібаев атындағы мәдениет үйінің қызметкері.

ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ ӨЗЕКТЕ МӘСЕЛЕ

Отбасының берекесі - имандылықтан басталады.

Имандылық - адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс - әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш, қадір - қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Мұсылмандық дүние таным бойынша - имандылық иманнан пайда болады. Ал, иман - жүректені нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни имандылық. Алла тағалаға иман еткен адамға бітетін көркем мінез. Алла тағала адамды иман мен имандылық үшін жаратқан, сондықтан «Алланың мінезінен үлгі - өнеге алыңдар» - деп уағыздалады.

Иман дегеніміз - сенім. Имансыз сөзі - сенімі жоқ дегенді білдіреді. Жас ұрпаққа мұсылмандық қағидаларын таныстырып түсіндіру әрі парыз, әрі сауабы мол іс. Шығыстанушы М.Өсерұлының «Мұсылмандық қағидалары» кітабында мұсылмандықтың қағида - ережелері қарапайым да әсерлі



түрде жан - жақты әңгімеленген. Ал «Құран хикаялары» атты кітапта пайғамбарлар өмірбаянына, дін тарихына байланысты алуан оқиғалар іріктеліп алынған және бұл кітаптың тәлімдік тәрбиелік маңызы да зор.

Адамға қойылатын басты талап - асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені, адам - өзінің адамгершілігімен, қарапайымдылығымен, адамдылығымен және әділеттілігімен ардақты. Адамгершілік - адамның рухани арқауы.

Имандылық бар да - тәртіп те бейбітшілік те адами құндылықтардың барлық көріністері адамның бойынан табылатыны сөзсіз. Сондықтан да ұлттық құндылығымызды жаңғыртқан кезде ғана біз мәдениетімізді жаңғырта тірілте аламыз. Жас ұрпақты өмір қауіпсіздігі, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы адами қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында іс - шаралар атқарылып, кітапханада тақырыпқа сай бейнеролик көрсетіліп, кітап көрмесіндегі әдебиеттер таныстырылады. Мұндай шаралардың өткізілуі жастардың сауаттылығын арттыруға зор үлес қосары анық.

Барлығы өз қолымызда, Иманымызды ту етіп, соған жету үшін бар күш - жігерімізді салып, аянбай еңбек етейік!

Назира АУБАКИРОВА,
Б.Сырттанов ауылдық кітапханашысы, «Nur Otan» партиясының мүшесі.




ҚУАТ ТЕРІБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 130 ЖЫЛ!

ЖОЙҚЫН СӨЗДІҢ ЖОРҒАСЫ

/Ел азаматтарының естеліктерінен/

РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ



халқына» деген өлеңі перзент махаббатына толып тұр.

Өлеңбе осындайда толғамаған, Толғасам нәсер сөзім

Жөнелтші жүйіктіейін

Жырласам Ақсудағы

Кетеді қанат бітіп сонда маған.

Бұл жерде ақын үнінде жыр

дүлдiлі Ілиястың екпiнi жатыр. Тегi

қандас ақындардың айтар сөзi де,

тақырыбы да қандас болуы керек.

Мысалы, Қуаттың «Жетісу» деген өлеңі:

Қиялым қыран құстай

Шақ келмес шабытыма

Тау асып, теңіз кешіп,

Желіпті жердің жүзін қыдырғалы.

Жүректен тасыған жыр

Қозғалып қаусырма жақ

Бейнесін Жетісудың

Жазуға қаламым да

Жоңғардың мұз кетпейтін

Аяздың өні қашып ызғарынан.

Жаз жарқырап, күн нұры

Балдан тәтті су ақты

Ақын Қуаттың

Тұрғыластарынан ерекшелігі оның

орындаушылық шеберлігінде

жатыр. Ол өзінің де, өзгенің де

жырларын бір таңға жатқа айта

білген. Қырықыншы жылдарда ел

басына күн туып, ер азаматтар

отанды қорғауға кеткенде Жамбыл

бастаған халық ақындары

қарап қалмай, еңкейген елдің

еңсесін көтеруге атсалысты. Қуат

Терібаев өзінің үзеңгілес айтыскер

досы Қалқа Жапсарбаевпен бірге

Жетісу өңірінде екі ауданда жұмыс

жасайтын колхоз – совхоз топтарына

аралап, жаралы жүректі жалынды

жырларымен жебей білді.

Ел тілегін еске ала отырып, екеуі

өлісін – өлісін айтысқа түсіп отырады.

Оның өзі айтыс өткен жер аттарына

байланысты «Шадайдағы шайқас»,

«Қараталдағы қақтығыс» деген

атпен ел есінде қалған.

Қуат Терібаевтың 100 жылдық,

125 жылдық тойлары облыста, ауданда

өз дәрежесінде өтті.

Ақынның 130 жасқа келген

тойында облыстың «Жетісу теле-

радиосы», «Жетісу» газеті, Ақсу елі,

Қуат Терібаев атындағы орта мектеп,

«Ақсу өңірі» газеті атаны еске

але алу мақалаларын жариялап,

дайындықты бастап кетті. Оның

ойдағыдай өтуіне Ақсудағы әр

отбасы сенімді. Ылайым сәттілік

тілейміз.

«Белгілі Жетісудың Қуатымын,

Өлеңге көруғлының құр атымын.

Айтатын үлгілі сөз ауыстырмай,

Кейінгі талапкердің мұратымын»

– деп ақынның өзі айтқандай

өзі өмірден өтсе де үлгілі сөзін

қалдырған Қуат Терібаевты бүгінгі

және келер ұрпақ та құрметтеп

өтері даусыз.

Сейдахмет МҰХАМЕТШЕ,

«Егемен Қазақстан» газетінің

меншікті тілшісі болған.

Ақсу ауданы, Алматы облысы.

...АНА ТІЛІ ҚАЙНАҒАН ҚАННЫҢ, ҚИНАЛҒАН ЖАННЫҢ, ТОЛҒАНТҚАН КӨНІЛДІҢ, ЛҮПІЛДЕГЕН ЖҮРЕКТІҢ САҒЫНЫШЫ, ОНДА ДӘМ ДЕ, МӘН ДЕ БОЛУ КЕРЕК.

С.ТОРАЙҒЫРОВ.

ЕЛ ТІРЕГІ - ТІЛ



Шыны керек, менің тілім – қазақ тілі болғанын мақтаныш етемін. Әр адамға өз тілінен артық тіл жоқ деп санаймын. Қай заманда да ата - бабамыз есті сөзбен ессізді тоқтатқан. Ақын - жырауларымыз сөзден ой-маржанын теріп, артындағы ізбасар ұрпағының санасына құя білген.

Қазіргі таңда тілімізді шұбарлап, қорлайтын, өз тілі тұрғанда ұялмай басқа тілде сөйлегенді мақтаныш көретін үлкендер де, жастар да жетіп жатыр. Оған өз басым күнде куә болып жүрмін. Жастардың орыс тіліндегі сөздерді жиі пайдалануы шынымен, адамды ашындырады. Тәуелсіздік алғалы осындай мәселелер жиі көтеріледі. Ондағы мақсат – ұлттық тілдің қадірін қайтару.

Тәуелсіздік – ұлттық қасиетті қадірлеуден басталса керек. Ал «өзінің ұлттық қасиетін, өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес» деген М.Өүезовтің керемет дана сөзі бар. Расында да, өз тілінің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің қадірін сезіну екіталай емес пе?!

Талай ақын, шешен бабаларымды бұлбұлша сайратқан, жарға соққан толқындай екпінді, наркескендей өткір тілімнің осынау уақытқа дейін тұншығып, қадір - қасиетінен айырылуға шақ

қалғанда, қазақтардың көзі ашылып, қазақ тілін «мемлекеттік тіл» деп жариялады. Алайда, мәселе мұнымен біткен жоқ еді. Бойында не рухы жоқ, не қорқақ, не қара бас қамын ойлайтын «маған бәрібір» дейтіндер көбейді. Міне, сондықтан да өткеннің кейбір іргелі тағылымдарына ден қоюға тура келеді. Қазақ тілін алғаш қолданыста бәзбіреулер араб пен парсыны, одан кейін ноғайды былдырлатып, орысты араластырып тілді құртуға шақ қалғанда, ағабуын бұрқ етіп қайнаған, сарқ етіп суалған тілімізді қайтадан тірілтті.

Ал, қазір ше?.. Қазір де қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі үшін күресіп жүрген жандар көп. Бірақ сол «бір өліп, бір тірілген» тілдің қадір-қасиетін жоғалтып алған адамдар да аз емес. Оған кім кінәлі? Қоғам әлде адам?

Қарапайым да мәңгілік сұрақтар... Дегенмен өткенге мойын бұрамын деп болашағымыздан айырылмауымыз қажет. Әрбір халықтың басында болар мұндай сұраққа жеріне жеткізе жауап беру, бәлкім, жасаған жалғыздың өзінің ғана қолынан келер.

Ал, біздің міндет – «алтын күннен бағасыз бір белгі боп қалған» ана тілімізді қадірлеп кекке көтеру екені мәлім. Сондықтан да алдағы міндет те ұлттық тілдің ұлы тұлғасын кезеңдік бұрылыстарда тарих сахнасына өшпестей етіп шығара білуде болса керек. Себебі, қазіргі таңда «үш тұғырлы» тілдің туын жоғары деңгейге көтеру сияқты зор міндеттер тұр. Мұндайда әрі кең, әрі жүрдек бүгінгі күннің даңғылымен жүру үшін байырғы тәсіл жарамсыз болмақ.

Ұлттық болашағына, оның өзіндік «Мен» дегізгерлік қасиеттерін сақтау мүмкіндіктеріне сеніммен қарау құр қиялдың жемісі емес. Мен де еліміздің жырын, тіліміздің мұңын Әбілқайырша айтқанда: «Жайықтың табанында бір тамшы су қалмағанынша, Қазақтың тамырында бір тамшы қан қалмағанынша» жырлап өтемін.

Бақыт ЖАҚСЫБАЕВА,
Кенжыра ауылының кітапханашысы.

ЛАТЫН ӘЛІПБИ – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ РУХАНИ ЖАҒҒЫРУЫ



Жаңа мың жылдыққа ұлы мұратпен қадам басқан еліміздің рухани жаңаруының бастауы – латын әліпбиінде жатыр. Латынға ауысу қазақ тілінің дамуына, халықаралық мәдени-рухани және экономикалық байланыстардың нығайуына жағдай жасайды. Жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық ғылымдардың озық еңбектері дәл осы латын қарпімен жазылған.

Латын әліпбиіне өту – Рухани Тәуелсіздікке жасалған болашағы зор жарқын қадам! Елбасымыз өз сөзінде нақтылап айтқандай, Латын әліпбиі қабылданған соң, мемлекеттің негізгі ресми әліпбиі ретінде жұмыс істейтін болуы тиіс.

Латын әліпбиіне көшу – ел тарихындағы маңызды қадамдардың бірі. Ең бастысы, өткеннен сабақ алып, жұмысты жүйелі ұйымдастырып, әуелгі бағдардан айнымау қажет. Әліпби ауыстыру – өркеніетті шешім. Бүгінгі қадамның оң болуы мемлекеттің дамуына, өсіп - өркендеуіне жаңа серпін берері сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Президентінің 26 қазандағы №569 Жарлығымен бекітілген латын гра-

фикасына негізделген қазақ әліпбиінде 32 таңба бар. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына негіздеу арқылы біз мына нәрселерден ұтамыз. Біріншіден, жат дыбыстарды таңбалайтын әріптер қысқарып, тіл тазалығы сақталады.

Екіншіден, қазақ тілін оқытқан кезде басы артық таңбаларға қажетті емле, ержелер қысқарып, оған кететін уақыт пен қаржы үнемделеді.

Үшіншіден, латын графикасына негізделген әліпбиге көшу - қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына мүмкіндік береді.

Төртіншіден, түркітілдес елдермен, мәдени, рухани және экономикалық қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде, тіліміздің қолданыс аясы кеңейіп, тар бұғаудан босайды және жаһандандудың жұмырында жоқ болып кетуден сақтайды.

Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін биіктерге бастайтынына кәміл сенемін. Латын әліпбиі қазақ тілінің табиғатын ашып, өзезді тілді қайта жаңғыртатынына сенеміз мол. Олай болса, латын графикасы – қазақ тілі мен ұлттық сананы жаңғыртудың басты көрсеткіші болмақ.

Айым МҰҚАШЕВА,
Қапал ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

«ЖОЛБАРЫССОҚҚАН» ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Ойтоған ауылының тұсы, Ақсу өзенінің арғы жағында, Жаман Ақсу мен Қарасу өзенінің жағасында 1911 жылы қыс қатты болды. Қалың қамыс арасындағы қатпайтын су мұз болып қатады. Малдың тұралап, жуанның жіңішкеріп қар кетпей ел әбігерге түсіп жатқан уақытта сақай елінен - Жетібай жұрты өзен жағалай отырыған болатын. Күндердің күнінде бір бие жабағысымен жоғалып кетеді, күн артынан күн өтіп бір түйе тағы жоқ боп шығады. Күзетті күшейткен Жетібайлар «ұрылардан келді», - деп күн - түн күзете бастайды. Бір күні таң сілбіреп ата бастаған уақытта қос жігіт қамыс арасынан үлкен тарғыл мысықтың атылып шығып, байталды алып жыққанына куәгер болады. Бұрын соңды мұндай алып мысық тұрпаттағы жыртқышты көрмеген күзетшілер ауылға қарай шаба жөнеледі. Жігіттер көргендерін ел ішінде үлкен қорқыныш пен үреймен айтып береді. Қысқа уақыттың ішінде бұл тарғылдың мән-жайы елді - елге тарап, ол жайлы қаңқу сөздер ел ішінде тарап үлгереді. Әлгі тарғылдың Балқаш көлінен ауып келген жолбарыс екенін білген елді үрей билейді. Жетібай ауылы аласапыранға түсіп, жан - жаққа көмекке, ақылдасуға елді мекендерге хабар жібертеді. Ауыл ақсақалдары бас қосқан бұл жи-

ында Қайнар руынан - Қарасай елінен Саурық батырда қатысады. Қырық құлаш қылдан өрілген арқан дайындалып, Саурық батыр түз тағысымен жекпе-жекке шығуға бел буады. Ауыл болып, ақылдаса келіп, ек-үш жігіт қасына ерткен Саурық батыр бәрі дайын болған кезде Жолбарыс түйе жеген жерге қыларқаннан сауытын киіп, қол аяғына байлатып, қынына қанжарын салып, бір құнанды түбегке қарай айдатып өзі сол жерде бір түп талды паналап тұрады. Түз тағысының сақтықпен жасайтын шабуылына шапшаңдықпен тойтарыс берген Саурық батыр алып жолбарыстың өзіне қарай атылғанында тайсалмай қарама қарсы шығып, айтбақ - айбат жасап қарсы ұмтылады. Кеңірдектен қарулы қолымен ұстап езілеп, өзіне жасалынған дене жарақаттарына қарамастан түз тағысымен алысуға жүректің жүректісі ғана шыдап беретіні анық. Арпалыстың соңы сол жерде мұз ойылып, су ішінде жалғасады. Батырдан да, жолбарыстан да әлте бастағанда, көмекке келген жігіттер жолбарысты қара құстан ұрып жүріп өлтіреді. Саурық батырдың жолбарысты буындырған қолы қарысып, кеңірдектен әрең ажыратады. Бұл жер сол беті «Жолбарыссоққан» деп атап кетеді. Батырдың ерлігі елге тарап, ауыздан ауызға жетіп, әлі күнге айтылып келеді.

Сол кезде Шұрат елінен шыққан қобызшы Мольқбай Саурық батырға амандасуға барған екен, алып жануар Жолбарыстың терісінің ілулі тұрғанын көріп, жолда қайтқанда «Саурық» күйін шығарады. Бұл Мольқбай қобызшының Саурық батырды соңғы көруі еді. Саурық батырдан туған Дауылбай ақсақал әке ерлігін ұрпақтарына айтып жүреді. Қаншама уақыт өтседе, аты аңызға айналған батырдың ұрпақтары ата ерлігін қайта жаңғыртып, киелі мекен Ойтоған ауылында мөлшері 2000-шы жылдары құран бағыштап ас береді. Биылғы жылы Ойтоғаның аты аңызға айналған батыры Саурық батырдың жолбарыспен алысқанына 110 жыл. Бұл деректерді жазушы Серік Жөнәбіловтың «Мольқбай қобызшы» 1994 шыққан кітабында жазылған еңгімесінен алып сонымен қатар ауылдың тумасы, ақындық қасиеті бар бірталай өлеңдері де бар Шәріпов Сәкен атаның төте жазумен жазылған «Жолбарыссоққан» атты өлеңдерінен алынған. Ерлік ісі ұрпаққа мұра болып, өскелең ұрпаққа насихаттау барысында, жер атауының шығу тарихын білу біз үшін аса маңызды.

Э.БЕКОВА,
Ойтоған ауылдық клубының әдіскері.

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

АБАЙҒА ТЕРЕН БОЙЛА

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

жете білуге тырысады. Дала данышпандарынан талай нәрсе көкейіне қондырады. Бір айтқандай ұғып алып, ұмытпайды. Тәйір қадағалап, сөз байлығын кемеңгер, терең қылады. Абай ел сорына біткен жуандар ортасына жақсы танылады. Соларды «және салам» деген талаппен алысады. Бірақ, оның жайын ұққан жуандар жоқ. Таластартыс. Бір жеңіс, бір жеңіліс.

Абай махаббаттың алуанын басынан кешірген адам. Жақсы көргенінің бірі Торғай бойындағы Нұркен дегеннің қызы екен. Қызбен Семейдегі Тыныбай үйінде танысып, бір ай бойы есі кетіп жүреді. Қыздың елі - Қаракерей, Сыбан. Екіншісі. Сыбан ішіндегі көрік, ақындығымен аты шыққан Сабырбай ақынның қызы Қуандық. Абай топ кісімен Аякөзде сол қыздың ауылында қонады. Абайдың қасында Сүйіндік баласы Асылбек болып болады. Ол Қуандыққа жезде екен. Сол жездесі арқылы қалжындасып отырып, ақыры Абай мен Қуандық айтысады. Бұлардың айтысын сырттан Сарыбай ауылындағылар тыңдап тұрады. Тегі одан бұрын Абай ақын аты шықпаған жан жүйрік ақынмен айтыспапты. Ал, Абайдың айтысқа түскені оның ақындыққа батым екенін дәлелдейді. Абайдың қатты ұнатып, сыйлас болған қыздың бірі Мұрын Тана бидің қызы Тұржан сұлу. Кейін Тұржан сұлу Сыбан елі ішінде Беші деген өзбекке тиіпті. Күйеуге шыққан Бешіге Абай әдейілеп барып амандасады. Абай жігіт шағында Сүгірдің қызына құмар болады. «Ақ етің аппақ екен атқан таңдай» деп өлең де арнайды.


Қырық жасқа дейін әлеумет тұрмысында Абай жарқырап шыға алмайды. Оның салдарын Абай: «Етек басты көп көрдім елден бірақ», - деп саяси өрісінің жетіле қоймағанын, қысқа болуымен аңғартады. Абайдың жас кезінде көбірек оқығаны мұсылманша. Абайға хат танытып, жазу-сызуды басқаларға үйретеді. Одан қазақтың ауыз әдебиеті, араб, парсы, орыс классиктері еңбектерін тану арқылы қымбат пайдаға кеңеледі. Жас шағында Абай орысша мектепте үш ай оқиды. Оқуған орысшасы Еуропа әдебиетімен танысуына ықпал етеді.

1880 жылы Абайдың ауылына Михаэлес, Грос, Долгополов келеді. Абаймен танысқан соң, оның жаратылысы үлкен, зор талант адам екенін ұғады. Олар Абайды кітапқа, әсіресе XIX ғасырдағы классиктердің еңбегін тауып, оқуға үндейді. Осы ақылмен Абай - Крылов, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтықов-Щедрин, Белинский, Добролюбов, Писарев еңбектерімен танысады. Құнбатыс Еуропаның - Спенсер, Спиноза, Дрепер секілді натуралист философтардың еңбектерін оқиды. Бұл оқығандары Абайдың білім өресін кеңейтіп, саяси бағытын айқындайды. Халықты сүю мотивіне жетелейді. Соларға ұқсап өшпес шығармалар шығарады. Абай ешқашан олардың біреуіне еліктеген емес. Сын көзбен қарап, өзіне керек пікірді таңдап, шеберлікпен қазақтың әлеумет тұрмысына жанастырып, қорытып ала білген. Абай шығармалары қазақ тұрмысымен біте қайнасып, шебер үйлеседі. Шындықтың бетін ашады. Кедей мен бай арасындағы теңсіздікті Абай: «Кедейдің өзі жүрер малды бағып, Отыруға отын жоқ үзбей жағып, Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып» десе, «Қар жасуада тоңбайды бай баласы, Үйі жылы, қызық тұтқан айналасы», - деп ашады.

Теңсіздіктің себебін «кедейдің еңбегін байдың жеуі» деп қарсы келеді. Адам өмірге еңбек ету үшін, еңбек бар адамға ортақ, әркім өз еңбегімен күн көрудің қажетін, бәреудің еңбегін жеу адамгершілікке жатпайтынын Абай: «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», - деп тоғытады. Қанағаш тапты Абай: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар», - деп шенейді. Абай өкіметтің қанаушы топқа қолшоқпар болмауын тілеп: «Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей, еңбек қылмас еріншек адам болмас», - деп саяси құрылыстың оң болғанын қалайды. Халықты отарға айналдырмауды Абай: «Ел жамаған билер жоқ, ел қыдырып сандалды», - деп білейді.

Абай қазақтың бірінші, орысша айтқанда, «просветитель» ақыны. Яғни, қараңғы халықты оқу мен білімге шақырған. Надан тұрмыс ішінде өсіп, ғылымға еркін суғарылмағанын Абай: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», - деп арман етеді. Келешек, болашақ балалар оқыса екен дейді. «Баланы оқытуды жек көрмедім», - деп қазақ балаларының оқығанын қуаныш көріп, тілектес болады. Маман болып, қызмет алғанын қалайды. «Жанбай жатып сөнбе», - деп жігерлейді. Тәуекелге басып «заман-майсы прямиотой», «болмасаң да ұқсап бақ», «Әсемпаз болма әр неге, өнерпаз болсаң арқалан, сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан!» - деп жең сілтейді.

Абай қазақтың әдебиет тілін жасап, қазақ поэзиясын жоғары сатыға көтерген дана.



Ауыз әдебиетін жазба түрге түсіргеннің бірі. Оған үлгі болған Шортанбай, Бұқар жырау, Базар, Мұрат сынды тұлғалар. Ұлт тілі мен әдебиетін өркендетуде Абайдың рөлі ерек. Сондықтан «Мен жазбаймын өлеңді еркек үшін, жоқ барды, ертеңіні термек үшін» дегеніндей, Абайдың шығармалары «классика». «Тіл кестесін үйреткен Абай бізге» өлеңінде Иса Байзақов: «Таңдамалы тәтті тіл - Абай тілі», - деп дәл толғайды.

Абай - ұлт қазынасы. Тілді ұлт керегіне жұмсай білген, болашағына басшылық ете білген ақын. Тілдің шұбарлығына, кемшілігіне үстемдік бермеуіне тырысып баққан. Тілді ластанудан қорғаған. «Тіл - халықтың мүлкі» деп, еңбекші бұқараны ұлт тілінен айырмауға күресіп баққан. «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бейшарасы», - деп мінеген. Абай ұлттың тілін қадір тұтып, қасиеттеп, қымбат ұстаған.

Абай өнге жауапкер көзбен қараған. Қазақ өлеңінің ырғақ, әуезі, құрылысы, ұлттық нақышына дес қойған. Жаңа ырғақ әуезбен Абай он жеті ән шығарған. Өнді қалай болса, солай шығармаған. Ішінде елге тараған сүйкімді өндері де болған. Өндерін халық ұға білген. Жаман өнді Абай: «Құр айқай бақырған, құлаққа ән бе екен», - деп сөккен. Абай өндері қазақ өніне қаншалықты жаңалық әкелгені туралы зерттеулер шамалы. Осы жағына мән берілсе, қазіргі секектететін өндерден көрі жақсы қонымды, тәрбиелі маңызы бар өндер туар еді. Абай: «Тындағанда көңілдің өсері бар», - деп музыкада мазмұн, түр, терең сыр жататынын білген. Атақты Сібір ғалымы Потаниннің: «Маған барлық қазақ даласы өнге шүпілдеп тұрғандай, барлық қазақ даласы ән салып тұрғандай», - дегенін Абай жақсы ұққан. Абай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең», - деп бекер айтпаған. Қазақ халқы өнге бай халық екені айқын. Оған А.Затаевичтың қазақ өндерін жинап, кітап қылып, нотаға басып, шығарғаны-ақ дәлелді.

Абай өлеңге үлкен сынмен қараған. Абай өз өлеңдерін қайта түзеп немесе өндөді деген сөз жоқ. Тек қана «Сегіз аяқ» өлеңінің басын қайта біртүрлі қылып айтыпты. «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің?», «Қор болды жаным» сынды өлеңдері 6,7,8 жолды. 1890 жылдан Онегин мен Татьяна қазақ халқына Абай арқылы белгілі болған.

Абай шығармаларында шындық кемерінен шықпайды. Барды қызғылықты етіп береді. Көкте ағылған бұлттай қайғы-қасіретті де шет қалдырмайды. Абай табиғатты өте сүйсіне жырлаған. Адам өмірімен байланыстыра, «ақ киімді, денелі, ақ сақалды» деп, адамға бейне қыла қысты жырлайды.

Сарамен айтысында Біржан сал: «Ыбырай жас жолбарыс жүректенген, Дұшпанға арыстандай білектенген. Өзінің заманының бозбаласы, Перінің жігітіндей іріктенген. Бей, Сара, қай кісің бар оған жетер? Өнерін көрген жанның есі кетер. Қазаққа мәшһүр болған әділдігі, Оны да жамандамас адам бекер. Ыбырайға тамам елің Найман өтпес, Зейіні түпсіз дария көзің жетпес. Дос көрген олар заһит ғалымдарды, Алдына әкесінің тағылым алды. Момынға жәбір, жапа қыласың деп, Жіберген жер аударып залымдарды», - деп ашып даралайды. Тобықты Қуанышбай ақын: «Абайдың әр білімі елден асты», - деп айтады. Абайды қазаққа таныс қылған «Қазақ» газеті. «Қазақтың бас ақыны - Абай» деп мақала жазған Ахмет Байтұрсынов. Абай журналы №1 Абай туралы Жүсіпбек Аймауытов: «Абайды үлгі қылмайтын жоқ,

Еңбек қылған ер қадырын білу - ел борышы. Абайды бетке ұстасақ адамдық борышымызды атқарамыз», - деп жазды. Қошке Кемеңгеров: «Алғашқы ұлт әдебиетіне өрнек берген - Абай болды», - деп қанықтады. Сәбит Мұқанов: «Абай - жаңашыл», - деді.

1885 жылы мамыр айында Семей облысы, Шар өзені бойындағы Қарамолада бес дуан елінің съезі өтеді. Құрметті адамдар мен билер бекіткен 73 бабтан тұратын заң «Ереже» қабылданады. Заң жазылған нұсқа «Ереже» 1886 жылы Қазан университеті баспасынан араб әріпімен басылып шығады. Сол ереженің бір данасын Ғабит Мүсірепов сақтап, Қазақстан Орталық мемлекеттік архивіне өткізеді. Ережеге қол қойғандар қатарында Абайды «Семиполат оязының құрметті азаматы» деп таңбалап жазады. Көктүма съезі. Абайдың сондағы қол қойған ережеге 92 бабтан тұрған.

Абай: «Мен жалғызбын, жұрт надан, көндіге алмадым, сол үшін жылаймын. Халқым алдан болған соң, қайда барып оңайын», - деп сынайды.

Абайдың айтқан пікірлері: Қазақта береке жоқ. Өреке аралады. Бұзылып бітті. Түзету қиын. Өнерсіз. Жалқау. Бақ құмар. Мал құмар. Ертеңгісін ойламайды. Ойлау дегеннің миына қонбайды.

Ғылым, өнер - қымбат. Соған ұмтыл. Әділеттік, адамшылық, достық - адамның қасиеті. Осыларға берік бол.

Алла - күшті. Мінсіз. Дін - терең, тұңғық. Ақ ниет, таза жүректі осыларға бер. Өлең - өнер. Ақындық - ақыл. Ән-күй - жан азығы. Ұстай біл.

Аңшылық, жақсы ат, сұлу жар, қатын-бала, әсем қоныс - қыр қызығы, қызықта!

Абай: «Ортаға көп салдым, Өзімде барымды. Япырмай нәнді алдым?»

Сау қоймай арымды», - деп зарланады. Абайдың жазғандары мезгілдің бабы. Тағдырға, бүгінге жарайтын тағылым.

«Ақжол» газетіне татар сыншысы Ғабдырахман Сағди: «Абай оқымай-ақ талассыз данышпан», - деп жазған. Міржақып Дулатов: «Абай қараңғы заманға шырақ жаққан. Құрметі күннен күнге артылар», - дейді. Көкбай ақын:

«Семейге Абай келсе, бізде думан, Өн салып, босамаймыз айғай-шудан. Бас қосу, бақастасу, мәжіліс құру, Секілді бір ғылымның жолын құған. Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп, Өзгелер отырады аузын буған. Бір барсаң мәжілісінен кеткің келмес, Хакімдей Аплотон аңырап тұрған. Келбеті біліміне лайықты, Апырым-ай, мұндай адам қалай туған?» - деп даңқтайды.

«Алтын хакім Абайға» деген өлеңінде Мағжан Жұмабайұлы:

«Шын хакім, сөзің асыл - баға жетпес, Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес», - деп толғайды.

Шыңғыс Айтматов: «Еуроазия масштабындағы ұлы тұлға - Абай арқылы өмірімізді өлшейміз, тарихымызды таразылаймыз», - дейді.

1904 жылы Мағауия қайтыс болады. Мағауия өлімінен 40 өткенде, 23 шілде 1904 жылы 60 жасқа қарағанында Абай өмірден өтеді. Сүйегі Жидебайда. Еркежан қыстауының жанына қойылады.

Ілияс Жансүгіровтың: «Абай туралы көп жазылуы, көп тексерілуі керек. Абай - тарих. Абай - мұра. Абай озық. Бақыты бөлек. Абай сөзі - қойма. Өмірге қарайтын жаңалық. Таза. Абайды көкпар, сауда қылуға болмайды. Ондайлардың барлық бет пердесі жыртылатын болсын», - деп жазғаны әділді.

1933 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» баспасынан Абай шығармаларының толық жинағы жеке кітап болып шықты. Бұл қазақ даласын өлең еткізген үлкен оқиға еді. Себебі, бұл қазақ жерінде басылған Абай шығармаларының алғашқы жинағы еді. Осы жинаққа дейінгі Абай шығармаларының үш басылымы (1909 жылы-Санкт-Петербург, 1922 жылы -Ташкент және Қазан) қазақ жерінен тыс баспаханаларда жарық көрді. Сондықтан да Абай шығармаларының 1933 жылғы басылымы қазақтың өз жерінде, өз баспаханасынан алғаш шыққан бірінші Абайдың кітабы ретінде тарихта алар орны бөлек. Ережеге дайындаған бұл жинақтың көптеген баспагерлері болды. Кітап авторының бірі Ілияс Жансүгіровтың 1938 жылдан соң шеттетіп, фамилиясын өшіртуге аларды. Ілияс Жансүгіровтың Абай кітабын жинақтап, шығаруға жасаған еңбегі әлі күнге дейін еленіп қабылданбауда.

Абай - тәлім өренге, Мәдениет, өнерде, Жазба өрнек, әр берген, Әдебиет, өлеңге, Абай - дана, зерелі, Өнегелі, өрелі. Абай - ойшыл, кемеңгер, Адамзаттың ерені.

(Жалғасы бар).

**НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ:
ЕЛДІҢ ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН МӘДЕНИ НОРМАЛАРЫНА СӘЙКЕС
КЕЛЕТІН ДІНИ САНА ҚАЛЫПТАСТЫРУЫМЫЗ КЕРЕК.**

**Экстремизм мен
терроризмнің
алдын алу**



Бүкіл әлемнің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани жағдайына ықпал етіп отырған діни экстремизм мен терроризм XXI ғ. ең бір өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Террорлық актілерге итермелейтін антогонизмдер және қайшылықтар өсе түсуде.

Қазіргі кезде діни фундаментализм мен лаңкестік бір ғана аймаққа, бір ғана мемлекетке тән нәрсе болмай отыр. Әлемдік дәрежеде лаңкестікке апаратын діни экстремизм жалғаса түсуде. Түрлі топтар осыны пайдалану арқылы саяси - экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда.

Бұл ретте Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев былай деп атап көрсетті: «Қазақстанда терроризм, сепаратизм және экстремизм проблемалары бар. Әсіресе, халықаралық терроризмнің кең қанат жайғанын және халықаралық қауымдастық пен аймақтардың саяси -

әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ұштасып, саясиланғанын ескерсек, олардың тарапынан туындаған қауіп ойдан шығарылған емес, нақты және шынайы өмірлік қауіп» 2001 жылғы 11-қыркүйектегі АҚШ-тағы болған террорлық акт жаңаша сипат алып, терроризммен күрестің бұрын тарихта болмаған халықаралық жаңа кезеңіне негіз болды.

Көп жыл кеңес тегеурінін көрген мұсылман қауымы Құран - Кәрімді еркін оқуға мүмкіндік алды.

**Бақыт ЖАҚСЫБАЕВА,
Кеңжыра ауылдық кітапханашысы.**

**Терроризм – ғаламдық
проблема...**

XXI ғасырдың әлем тарихында адам баласы үшін ең басты проблемалардың бірі – терроризм. Терроризм - қазіргі кезде тек құқықтық тұрғыдан ғана өзекті қылмыстардың бірі болып саналмай, сонымен қатар әлеуметтік, идеологиялық та проблема болып көрініп отыр. Себебі, террористер экономикалық және әлеуметтік шиеленістерді, діни фанатизмді, сепаратистік пиғылдарды табысты қолдана білуде. Қазіргі терроризм халықаралық сипат алып, жекелеген мемлекеттер үшін де немесе белгілі бір аумақтар бойынша қарқын алып, жазықсыз адамдардың өміріне қауіп келтіру арқылы елдің саяси және әлеуметтік тұрақтылығына қауіп төндіріп отыр. «Террор» деген сөздің өзі – қорқыныш, үрей деген мағынаны білдіреді. «Террористер – бұлар кімдер? Не үшін оларды «террористер» деп атайды? Не себептен олар террорлық әрекеттер жасайды? Олардың мақсаты неде? Тарихтағы бізге белгілі радикалды террористік актілер, және ондай әрекеттерден сақтану, мүше болмау жолдары». Осындай сұрақтарға мен ғылыми - зерттеу жүргіздім. Ешкім

де анасынан террорист я лаңкест болып тұмайды. Адам қарап жүріп террорист немесе қанқұмар содырға айналмайды. «Бірақ, қалай террористке айналады?» деген сұрақ пайда болады. Оларды адастыратын, адасқандарды өздерінің зұлым мақсаттары жолында пайдаланатын күштер бар. Мәселеге осы тұрғыдан қарағанда, террористік әрекетті тікелей іске асырушылар қоғамның әлеуметтік деңгейі төмен, рухани - интеллектуалдық қуаты әлсіз топтарынан шыққан адамдар. Олар да біз сияқты адамдар, бірақ өз жолынан тайған адамдар. Паналықты ақиқаттан адастыратын адамнан іздеп тапқан.

Нағыз террорист жалғыз бір тұлға, яғни, ол адамдарды адастырып, оларға тапсырып беріп отырған адам. Мамандардың айтуынша, лаңкестік ұйымдардың террорлық актілерді ұйымдастырудағы түпкі мақсаты – қарапайым халықты қырып - жою емес, халықтың арасында үрей тудырып, жұртты үнемі қорқыныштың құрсауында ұстау. Олар осы әрекеттері арқылы өздеріне қарсы топтарға, ұйымдар мен күштерге сес көрсетуді мақсат етеді. Басқаша айтқанда, террористік ұйымдар үшін жарылыстарда қырылып жатқан адамдар, бар болғаны, тиісті нысанға жетуі тиіс ақпараттың дәнекерлері ғана.

**Айсауле ЖАЙЛАУХАН,
Қапал ауылдық кітапханасының
кітапханашысы.**

Жаңа ағымдардың қоғамға ықпалы

Терроризмнен сақтану бағытында қазіргі кездері бүкіл әлем болып күрес жүргізуде. Бірақ әртүрлі ұйымдар, топтар адамзат өміріне қатер төндіруін тоқтатар емес. Сол себептен де бүкіл әлем болып терроризмге қарсы күрес жүргізу құптарлық іс екендігі айтпаса да белгілі.

Қоғамдағы сәтсіз қолайсыз отбасылар мүшелері, мансап, билік, жеке мүддені көздеушілер, компьютерлік ойындар арқылы психиканың бұзылуына тап болғандар тағы көптеген террорлық ұйымдар арбауына алданған жандар. Террористер тек қана діни ағымдағы адамдар деп ойлау кәте пікір. Террористер қатарына кез-келген жастар мен ересектер, қыздар мен әйелдер, адам өміріне қауіп төндіретін арандатушылыққа сеніп қалғандар да кездеседі.

Осындай жағдайда еліміздің жас жеткіншектерінің парасатты ой - өрісінің, ізгілікті сана – сезімінің, жоғары рухани – адамгершілік қасиеттерге, гуманистік дүниетанымға негізделген толерантты тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау,

қауіпті діни ағымдар мен экстремистік топтардың ықпалынан қорғау маңызды болып отыр. Сондықтан елімізде өзара түсіністік пен дінаралық татулықты сақтай отырып мемлекеттілікті нығайту және отаншылдық сезімді күшейту үшін өскелең ұрпаққа дәстүрлі діндер, олардың рухани құндылықтары және шығармалары, халқымыздың рухани қазынасына айналған дін ғұламалары жайлы ғылымға негізделген білім жүйесін беру, оқушылар бойында теологиялық сауаттылықты қалыптастыру аса өзектілікке ие.

Дін - аса нәзік. Сондықтан оған барынша байыппен қарап, салмақты да, салауатты, бір - бірінен алыстататын емес, керісінше жақындататын өзара түсіністік пен құрмет тұту сезімінде болуға үндейді. Барлық уақытта баршамыздан осыны талап етеді.

**А.ТҮСТЕБАЕВА,
Көшкентал ауылдық
кітапханашысы,
«Nur Otan»БПҰ мүшесі.**

**Діни экстремизм, терроризм -
бейбітшілік пен тұрақтылыққа
төнген қауіп**

Терроризмге қарсы күрес жүргізу- бейбітшілік пен мейірімділікке негізделген Ислам діні өкілдерінің міндеті. Алайда батыс әлемі мен солардың ықпалындағы бұқаралық ақпарат құралдарының лаңкестердің істерін ақтарлық диалектика жүргізуі мәселені одан сайын ушықтыруда.

Терроризмді болдырмау үшін зайырлы біліммен қатар діннің негіздерін, оның әдептілік қағидалары мен көркем мінез құлыққа бастайтын негізгі ұстанымдарын үйретуге тиіспіз. Сондықтан ғасырлар бойы ата-бабамыздың қабылдап, салт - дәстүрімізге дейін сіңісіп кеткен Ислам дінінің негіздері осы салада маманданған кадрлар тарапынан мектептен бастап

жоғарғы оқу орындарында оқытылуы қажет. Олай болмаған жағдайда халықтың керітартпа күштердің ықпалына түсіп кетуі мүмкін. Дегенмен аймақтағы басқа елдермен салыстырғанда Қазақстанда лаңкестік және экстремистік іс - әрекеттерді анықтау және оның жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық негіздерді жасау және жетілдіру жөнінде айтарлықтай жұмыстар атқарылууда. Ислам террорға, зорлық - зомбылыққа, бейбіт жандарға күш қолдануға қарсы.

**С.ХАСАНОВА,
Қызылағаш ауылдық моделді
кітапхана кітапханашысы.**

**Мемлекеттік қызметкерлердің міндеті -
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес**

Сыбайлас жемқорлық - қоғамдық қауіпті құбылыс ретінде көптеген қазіргі заманғы мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстанның қоғамдық өміріне тән жағымсыз құбылыстардың салдары болып табылады. Мемлекеттік билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық қазақстандық қоғам үшін ең үлкен қауіп болып табылады. Оның кең таралуы мен жүйеленуі жеке мүдделер көбінесе бүкіл мемлекеттің мүдделерінен асып кетуіне әкелді. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер дәрежесіне көтереді және мемлекет пен қоғамды осы жағымсыз құбылыспен күресте күш - жігерді біріктіруге бағыттайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарынан қызметтік әдеп нормалары мен ережелерін бұзушылықтарды ажырату мақсатында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы" заңмен сыбайлас жемқорлық



құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауапкершілік алынып тасталды. Сыбайлас жемқорлық субъектілерінің жауапкершілігі қылмыстық және әкімшілік заңнама призмасы арқылы қаралады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мыналар жатады:
- жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамның немесе оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы;
- заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;
- мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін - өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге

асыруы және заңсыз кіріс алуы;
- мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қолданбауы.
Құқық бұзушылықтың осы түрлерін жасағаны үшін жүзден алты жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілі бір мерзімге құқығынан айыра отырып не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыра отырып, мүлкін тәркілей отырып, айыппұлдарды, шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды көздейді.

Сондықтан да Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу болып отыр. Кез келген азамат төтенше жағдайлар бөлім қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне қарсы Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің 8 (72832) 2-13-86 сенім телефонына хабарласа алатынын ескертеміз.

**Дала өрттерінің
алдын алайық!**

Өрт шығу қауіпі жоғарланған кезең келді. Осыған орай Сіздерге айтарымыз отпен сақ болыңыздар. Өздеріңізге белгілі құраған шөп-шалалар және қоқсықтарды арнаулы жерлерде жағып, оны қадағалаған жөн. Бірақ адамдардың көбісі оны қалай болса солай өртеп, немқұрайлылықпен қарайды.

Шаруа қожалықтар былтырдан қалған сабанды, қоқсықтарды және құраған шөптерді өртейді. "Өрт сөндіргеннен көрі оның алдын алғаны дұрыс" - дейді халық мақалы. Шындығына егер өрт қауіпсіздігі тәртібін қатаң сақтап, байқап жұмыс істегенде ғана өртті болдырмауға болады. Өкінішке орай, тұрғындар орман мен далалар халық қазынасы екенін естен шығарып кетеді.

Өрт қауіпі мол көктем, жаз мезгілдеріне дайындық шараларын жасап олардың орындалуын тексеруге, халық тұратын қала, ауылдар үшін жалпы шараларды өткізуге ат салысу керек.
Халық тұратын үйлерде және кәсіпорындардың аумақтарында сонымен қатар ормандар мен далаларда жаңғыш заттардың қоқыстарын және т.б. тастауға болмайды, өрт қауіпі бар жерлер жаңғыш заттардың қоқыстарына, түскен жапырақтардан уақытында тазаланып тұруы қажет.
Халқымыз "Өрт тіпсіз жау", - деп бекер айтпағандықтан, өрттен тек қана мүлікке ғана зақым келмей, адамдардың денсаулығы, кейбір жағдайда кісі өліміне әкеліп соғуы мүмкін.
Міне, осындай өрттен сақтандыру ережелері Ақсу ауданының ТЖ бөлімінің қызметкерлерімен дауыс ұлғайту құралдары арқылы адамдардың көп шоғырланатын жерлерде жиі оқылып тұрады. Бірақ, осы қарапайым ережелерді бұзушылар көптен кездеседі.

**Мади БАЗАРБАЕВ,
Ақсу ауданының ТЖБ аға инженері, азаматтық
қорғау аға лейтенанты.**

Ұстаз - ұлы тұлға. Ұстаздық жол - өте күрделі де дара жол. «Ұстаз болу жүректің батырлығы» - деп қазақтың ақыны Ғафу Қайырбеков атамыз жырлағандай нағыз ұстаз болу ер адамның қолынан келе бермесі айдан анық. Қазіргі ХХІ ғасырда жаңа технологиялар, үздік инновациялар шарықтап, дамыған заманда әр ұстаз ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, жаңашылдыққа, жаңа технологияларды игеруге ұмтылуы қажет. Білікті де білімді маман болу үшін заман көшінен қалмай, үнемі өзін - өзі жетілдіріп, толықтырып отыруы тиіс. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында қазақ халқының болашағы - білімді жастардың қолында екенін атап өтті. Еліміздің жас ұрпақты білім мен ғылымға

БІЛІМІ ШЫҢДАЛҒАН - БІЛІКТІ ҰСТАЗ!

баулып жүрген ұстаздар қауымы үшін аталған мақаланың, әсіресе, «Білімнің салтанат құруы» атты бөлімінде айтылған ойлардың маңызы зор. «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет»-деп тұңғыш елбасы тұжырымды ой айтқан болатын. Жас ұрпақты білікті де білімді тұлға ретінде тәрбиелеп шығару білімді де білікті, шығармашыл, жаңашыл ұстаздардың тізгінінде. Елбасы атап өткеніндей халқымыздың білімге деген құштарлығына айқын дәлелдер жетерлік. Оған дәлел - қазіргі таңда елімізде білім саласы жаңартылған білім беру мазмұнына көшті. Мектептегі әр ұстаздар осы жаңартылған білім беру бағдарламасын меңгеру мақсатында өткізіліп жатқан арнайы курстарды оқуда. Осындай аталмыш курстардың бірі, «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі біліктілік арттырудың ұлттық орталығы «Өрлеу» АҚ Алматы облысы бойынша филиалының тренери Нұрсәуле Ұқанбайқызы Қылышбекова сәуір айының 12 - 23 күндері аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша білім беру педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсынан оқытты. Курс барысында ұстаздар қауымы білікті де білімді, тәжірибелі де іскер, талапшыл да ізденімпаз тренерден осы күндер аралығында жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша білімдерін толық игеріп шықты.

Курс кезеңінде тренер Нұрсәуле Ұқанбайқызы білім алушыларға критериялы бағалау, қалыптастырушы бағалау, түрлі әдіс - тәсілдерді асқан шеберлікпен әр білім алушыға толық игерте алды. Оқу кезеңінде білім алушылар алған білімдерін жетілдіріп, кәсіби құзыреттілікті дамыту бағдарламасын игеріп, жаңашыл ұстаз болып қалыптасуға мол мүмкіндік алды. Болашақта біз жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында білім алған ұстаздар мектепте осы алған білімімізді оқу үдерісінде іске асырсақ, алдымыздағы шәкірттерден білікті де білімді, дарынды, үлкен өмірге дайын тұлға дайындап шығарытынымыз анық және ұстаз мектеп айнасына айналатын сөзсіз. Біз қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері бізге жаңартылған білім беру мазмұнын өн бойымыздан өткізіп, өз білгенін аямай, мол тәжірибесімен, іскерлігімен, беделді біліктілігімен, нәтижелі білімімен бөліскен Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі біліктілік арттырудың ұлттық орталығы «Өрлеу» АҚ Алматы облысы бойынша филиалының тренери Нұрсәуле Ұқанбайқызы Қылышбековаға алғысымызды білдіреміз. Мықты денсаулық, еңбегіңізге жеміс, жұмысыңызға творчестволық табыс, отбасыңызға амандық, шалқыған шаттық, мол бақыт тілейміз! Өсе беріңіз, өне беріңіз, өрлей беріңіз!

Р.АҚСУБАЕВА,
Б.Сырттанов атындағы орта мектебінің мұғалімі.

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ – ҰЛТТЫҢ ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕГІ

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық заманауи қоғамның өзекті мәселесі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез-келген елінде оның саяси дамуына байланысты, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді.

Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы,-деп білу керек. Осы бағыттарды насихаттау аясында кітапханада игі іс - шаралар өткізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы,



сыбайлас жемқорлық туралы ұғымды түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шаралар жетілдіру, тәртіп орнату, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ете білуге тәрбиелеу мақсатында «Парасат» орталығы ашылды.

Мақсаты - мемлекеттік қызмет көрсету бағытында сыбайлас жемқорлықты азайту, қоғамда парасаттылық, әділдік, адалдық қағидаларын қалыптастыруға шақыру болып табылады.

«Парасат жолы» жобасы- адалдық, парасаттылық, әділеттілік, қағидаттарын қалыптастыруға, сондай ақ ұлттық мәдениет пен руханият құндылықтарын қоғамда ілгерлетуге бағытталған жоба

Бұл жұмысқа ақпараттық-түсіндіру, әлеуметтік-тәрбиелік және волонтерлік жобаларға қатысатын кітапхана қызметкерлері, ақын-жазушылар, дін өкілдері, ауыл ақсақалдары мен танымал тұлғалар тартылып жұмыстар атқарады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оның мүлдем қоғамымызда туын-дамауына септесуіміз қажет, тиісті деңгейде жұмыс атқарылуын қадағалауымыз керек.

Елдің болашағы - жас ұрпақтың қолында

Назира ҚОЖАБЕКҚЫЗЫ,
Б.Сырттанов ауылдық кітапханашысы, «Nur Otan» партиясының мүшесі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес - барлық азаматтың борышы

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. «Тура билеу туған жоқ, туғанды билеу иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол — әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол — коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «сogurtio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «сogumprire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды билеу иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, білікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамуы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылууда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

М.ЕСЕНБАЕВ,
Ойтоған ауылдық клубының музыкалық жетекшісі, Ойтоған бастауыш партия ұйымының мүшесі.

САЛЫҚТА НЕ ЖАҢАЛЫҚ? САЛЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМАҚЫЛАРДЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ



Салықтар және (немесе) төлемдер сомаларын біржолғы төлей отырып кейінге қалдыру алты айдан аспайтын мерзімге беріледі.

Салық және (немесе) төлем сомаларын тең үлестермен ай сайын немесе тоқсан сайын төлей отырып бөліп төлеу үш жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) тиісті контрагент-дебиторлармен жасалған шарттардың бағалары (өзге міндеттемелердің мөлшері және олардың туындау негіздері) және оларды орындау мерзімдері көрсетілген салық төлеушінің контрагент - дебиторларының тізбесі, сондай-ақ, осы шарттардың (міндеттемелердің туындауының өзге де негіздерінің болуын растайтын құжаттардың) көшірмелері қоса беріледі. Осы тармақшаның ережелері дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрмайтын жеке тұлғаға қолданылмайды;
- 2) салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу мерзімін өзгерту үшін негіздердің болуын растайтын құжаттар;
- 3) бағалаушының кепілге берілетін мүліктің нарықтық құнын бағалау туралы есебін қоса бере отырып, кепіл нысаны болуы мүмкін мүлік туралы құжаттарды не кепілгер банк пен салық төлеуші арасында жасалған банк кепілдігі шартын және банк кепілдігін қамтиды.

Салық заңнамасының барлық талаптары мен нормалары сақталған кезде салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуді ұсыну туралы мәселе қаралатын болады.


Р.САЯҚОВ,
салықтық бақылау және мәжбүрлеп өндіріп алу бөлімінің басшысы.

Интернет алаяқтық және оны алдын - алу жолдары

«Бүгінгі күні елімізде кеңінен жайылып келе жатқан интернет алаяқтық туралы айта кетсек. Интернет алаяқтық дегеніміз — ақпараттық құралдарды қолдану арқылы жасалатын алаяқтық қылмысы болып табылады. Интернет алаяқтықтан сақтану үшін алдымен сіздер көрсетілетін қызметтердің нақтылығына көз жеткізіп алуларыңыз керек.

Интернет алаяқтықтың елімізде жиі кездесетін дерегіне тоқтала кетсек. Біріншіден, интернетте тауарды сату немесе қызмет көрсету туралы хабарландыру орналастырылады. Яғни, алаяқтар құрбандарын тауардың төмен бағасымен, қолжетімділігімен қызықтырады. Кейін олар тауардың 50 пайызын алдын ала төлеу керектігін айтады. Ал төлем жасалғандан кейін іске үшінші адам араласады. Ақшаны алған соң зардап шегушіге тауардың басқа елде екені, оны елге жеткізу керекін, мәселелер туындап жатқанын айтады. Кейін телефон нөмірі өшіріліп, тауарды жоқ болады.

Екіншіден, онлайн кредит рәсімдеу дерегі жиі кездеседі. Алаяқтар өздерін банк қызметкері ретінде таныстырады. Олар клиенттердің картасында күмәнді операция жүргізілгенін айта-



ды. Осы әрекетті бұғаттау үшін картаның артындағы 3 таңбалы санды айту керек деп түсіндіреді. Қажет болған мәліметті алған соң хабарласып мәселенің шешілгенін айтады. Алайда, олар осы сөтте интернет - банкинг арқылы зардап шегушінің есепшотындағы ақшаны алып қояды. Сондықтан өздеріңіздің жеке мәліметтеріңізді ешкімге бермей, осы секілді хабарламалар түсіп жатса міндетті түрде банкке барып, мән - жайды тікелей сұрастырыңыздар.

Абай болыңыз!

болғанын айтатынын жеткізеді. Олар бұл әрекетке мүқият дайындалады. Сыйлықты жолдау үшін жеке мәліметтерін сұратады.

Төртіншіден, қылмыскерлер пайда табу үшін әлеуметтік желіге жарнама береді. Көбінесе биржаға немесе букмекерге аз ақша салып, көп ақша табуға болатынын сендіреді. Салдарынан олар алаяқтардың құрбандары болады.

Алаяқтардың құрбандары болмау үшін ең алдымен:

- Жеке мәліметтеріңізді ешкімге бермеңіздер. Күмәнді тексерілмеген ақпаратқа сенбеңіздер.
- Тауарды тексермей, оған алдын ала төлем жасамаңыздар. Сіз дүкенге хабарласу арқылы тауардың бар - жоғын тексере аласыз.
- Күмәнді келісімдер бойынша ақша аударудың керекі жоқ. Табыс көзі әрқашан ашық болуы тиіс.
- Құрылғыңыздағы құпиясөзді үнемі ауыстырып отырыңыз. Бұл ертең Сіздің жеке мәліметіңізді басқа біреу пайдаланбауы үшін қажет.
- Ең маңыздысы сақтық шараларын ұмытпауларыңыз керек»,- деп ескертемін.

Айдос ҚАЛЖАТБАЙ,
Ақсу ауданының полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушысы, полиция подполковнигі.

Ескерткіштерге қорғау – елдіктің белгісі

Ескерткіштер - халықтың мәдени мұрасының бір бөлігі болып табылады. Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау ЮНЕСКО - ның бастамасымен 1984 жылы 18 сәуірде бекітілген. Содан бері бұл күн халықаралық деңгейде аталып өтілуде. Осыған орай тарихшы ғалымдар, сәулетшілер мен ескерткіштерді қалпына келтірушілер, мәдениет саласының қызметкерлері аталмыш мерекеге арқылы қоғам назарын ескерткіштерді қорғауға аударып келеді. Ортақ типологиялық белгілері бойынша ескерткіштерді негізгі 4 түрге бөледі: археологиялық ескерткіштер, тарихи ескерткіштер, сәулет өнері ескерткіштері, монументтік (мүсін) өнері ескерткіштері. Қазақ даласы тарихи – мәдени ескерткіштерге бай. Сонымен қатар қазақ даласында тарихи жерлерге өте бай. Қазақстанда ұлттық құндылық болып табылатын 25 мыңнан астам ескерткіштер бар. Сол ескерткіштердің кең тараған түрі – мүсіндік бейнелер.



Қапалда сонау кеңестік кезеңде орнатылған екі ескерткіш әлі күнге дейін бой көтеріп тұр. Біріншісі, 1975 жылы ҰОС жылдары құрбан болған жерлес жауынгерлерге арналған «Мұнартаң ана» ескерткіші. ҰОС жылдары жылдары қаза болған жерлестердің құрметіне және Жеңістің 30 жылдығына орай аудандық халық депутаттарының қолдауымен орнатылған. Бұл ескерткіш 1981 жылы ескерткіштің алғашқы кескініне толықтыру жұмыстары жасалған болатын. Биіктігі – 3 метр, композицияның көлденең көлемі – 30 метр. Екіншісі,

жетісуда 1918 - 1920 жылдары кеңес үкіметін орнату кезінде ақ гвардияшылармен күресте ажал құшқан қызыл армияның жауынгерлерінің құрметіне орнатылған. Ескерткіштің екі жағында азамат соғысында қаза болған адамдардың аты-жөндері жазылып қойылған тақта бар. Ескерткіштің биіктігі 1 метр.

Ескерткіштер елдігіміздің белгісі, оны қорғау ұлттық құндылықтарымыз бен тарихымызды қоғаудың белгісі. Өз елінің таихын, айбындылығын сомдап, ұлт жолында елеулі еңбек еткен дарабоз саңлақтарына арнап ескерткіш орнатылып жатса ұлт руханиятына қосқан үлес деп білемін. Бұл да бір әр халықтың өз тарихында кие, құрмет тұтатын жайт. Ескерткіші бар, тарихы терең елді-мекендер – мәдениеттің ошағы, елдіктің ошағы. Тарихымызды біліп жүрейік.

**Қ.АБДЫРАХМАНҰЛЫ,
Ақын Сараның мемориалды
музейінің қор сақтаушысы.**

ЕСКЕ АЛУ

Суықсай ауылында ғұмыр кешіп, өмірге ұл, қыз әкеліп, аяулы ана, адал жар, сүйікті келін, ағайын – туыстың жанашыры бола білген **Тоғызбай** келіні **ШӘКЕБАЙ** жеңгеміз өмірден озды. Аса қадірлі жеңгемнің жарқын бейнесі, ақжарқын көңілі, сабырлы мінезі мәңгі есімізде қала береді. Марқұмның жатқан жері жайлы, жаны жанатта болсын.

Жақын едің жас кезден – ақ жақсыға,
Қарамадың адамзатқа жатсына.
Дархан еді көңілің мен пейілің,
Қолда барды аямаушы – ең тапшыға.
Жүрегің де алып, әрі кең еді,
Бала – шағаң аялады, демеді.

Алайдағы алып кетті арамьздан сұм ажал,
Адамның да бола бермес дегені.

Өмір шаттық, кейде бірақ ызғарлы,
Лақтырады күресінге мұз – қарды.
Жоқтағаннан басқа келер шара жоқ,
Адамдықтың биігінде ең сұндарлы.

Қалды жылап бала – шаға, ұрпағың,
Мен де бүгін от шарпыған күйдемін.
Туыстықты түсінетін жан едің,
Шақырсаң да сырласуға уақыт тапшы келмедім.

Тағдыр қатал мойындама, мойында,
Қарамайды не бар, не жоқ ойыңда.
Жылай жатып, жазып қойдым арнауы,
Тірі болсаң жыр оқыр ем 100 жылдық тойыңда.
Басыңа қойған гүлім болсын бұл жырым.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: Закира НҰРЫШҚЫЗЫ және балалары.



ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ШАҚЫРАМЫЗ!

«ҚАПАЛ КӘСІПТІК – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖИ» МКҚК 2021 - 2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА

9 ЖӘНЕ 11 СЫНЫП НЕГІЗІНДЕ КҮНДІЗГІ БӨЛІМІНЕ МЫНА МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ДАЯРЛАЙДЫ

Шифр	Мамандық атаулары	Біліктілік	Оқу мерзімі	
			Негізгі орта білім беру (9-ыншы сыныптан)	Жалпы орта білім беру (11-інші сыныптан)
1	2	3	4	5
1501000	Ауылшаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	150101 2 – «Ауылшаруашылық өндірісіндегі тракторшы - машинисі»	2ж. 10 ай	-
0508000	«Тамақтандыруды ұйымдастыру»	050801 2 - «Аспаз»	2ж. 10 ай	-
1501000	Ауылшаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	150101 2 – «Ауылшаруашылық өндірісіндегі тракторшы - машинисі»	-	10 ай

Оқуға тапсырушыларға қажетті құжаттар:

1. Өтініш
2. Аттестат
3. №086 үлгісіндегі дәрігердің анықтамасы
4. Тұрғылықты жерден анықтама
5. Туу туралы куәлік немесе жеке куәлігі
6. 3x4 фотосурет 4 дана

Оқуға тапсырушылардың құжаттары 1 маусымнан 20 тамызға дейін қабылданады.

Мекен - жайымыз: Ақсу ауданы, Қапал ауылы, Жібек Жолы көшесі, №15.

Эл.адрес: psch12kz@mail.ru

Колледж сайты: <http://kapalskiy-kolledzh.rka.kz/kz/>

Egov.kz. порталы арқылы өтініш берулеріңізге болады.

Байланыс телефон нөмерлері: 8(72832) 3 -12 -75; 3-11-10;

Ұялы телефон нөмерлері: 87779378473; 87056606485; 87053337409;

ӨЗ ӨЛКЕНДІ ТАНЫП ЖӘНЕ СҮЙЕ БІЛ!

Киелі орындар тек жеке тұлғалардың жай ғана баратын орны емес, сонымен қатар оларға рух беретін жер деп пайымдайды ғалымдар. Қазақстанда бірнеше мыңдаған тарихи, мәдени ескерткіштер бар.

Елбасы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының бастаушысы ретінде ең маңызды дегендерін ғана жаңғырту керектігін атап көрсеткен болатын. Мысалы, Ұлы Жібек жолы бойында небір асқан керемет сәулет ескерткіштері мен ортағасырлық қалалар жатыр. Сонымен қатар тастағы кескіндемелер



мен петроглифтер, ежелгі қорғандар бар. 2003 жылдың маусым айында Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесі мен Тамғалы петроглифтер ЮНЕСКО - ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізілді. Бұл бізге бабаларымыздың бүкіл

әлем мойындаған бай қазынаны мұраға қалдырып кеткендігінің айғағы. Біздің міндетіміз осы ескерткіштерімізді сақтап, ұрпағымызға қалдыру.

Болашаққа бет түзеген халықтың Ұлы Даласы киелі жерлерге толы. Киелі жерлер жүздеген жылдар өтсе де ұрпақтар есінде мәңгі қалады. Қазақта назардан тыс қалмаған елеулі орындарды киелі, қастерлі, қасиетті, әулиелі деген бірнеше атпен атайды.

**С.ХАСАНОВА,
Қызылағаш ауылдық модельді
кітапхана кітапханашысы.**

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік - экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы «Қазақстан халқының әл - ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие



болады», - деп атап көрсетті. Яғни, бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз. Әр Қазақстан азаматы өзіндік жеке тұлға, сол себепті осы сыбайласпен күресті тәуелді болмауы қол созайық.

**А.ЖЫЛҚЫБАЙ,
Матай ауылдық мәдениет клубының
музыкалық жетекшісі.**

ХАБАРЛАНДЫРУ!

2021 жылдың 26 сәуірінен бастап, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы, «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік жүргізу негіздеріне арналған оқыту басталады.

Коронавирус ауруының қауіпін азайту мақсатында оқыту «Atameken Academy» онлайн платформасы арқылы қашықтықтан жүзеге асырылады.

Толық ақпаратты Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 үй, Ақсу ауданы филиалы Кәсіпкерлер палатасы 12 кабинет немесе 8(72832)7-90-14 бойынша хабарласу қажет.

Жанар АУБАКИРОВА.

Кенеден сақ болыңыздар!

Кене энцефалитінің алдын алу мақсатында ауыл шетіне 2021 жылғы 05.04-26.04. сәуір айының аралығында 1- кезең кенеге қарсы өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Мына төмендегі ауылдың шет аймағында:

1. Қапал. Өңдеу жұмыстары жасалғаннан кейін 45 күннің ішінде, мал жаюға және балалардың ойнауына, демалуға баруға болмайды. Ескертеміз уланудан сақ болыңыздар!

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Алматы облысы бойынша филиалының Ақсу аудандық бөлімшесінің өкімшілігі.

● **Мамбетова Магрифа Галлиульдиновнаның** атындағы Арастан ауылдық округінде орналасқан кад. нөмерлері 03-254-110-154, 03-254-110-155 жер учаскесінің мемлекеттік АКТ-сі жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауданы әкімдігі.

Меншік иесі: «Ақсу өңірі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г

**Директор - бас редактор
Қасымбекова
Ләззат
Қалмұхамбетқызы**

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5. Аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 3044



Директор бас редактор - 2-11-61, жауапты хатшы - 2-12-90.



Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750

Офсеттік басылым көлемі 26.т.